

Біз қарастырған ғылыми әдебиеттердің дерегі бойынша Республикамыздың өз егемендігін алғаннан бергі кезеңде ұлттық дүниетаным ұғымына жете көңіл бөлінгенін көреміз. Бұл еңбектерде адамзат баласының ғасырлар бойы қалыптасқан дүниетанымдық көзқарасын жинақтап, қорытындылаушы бірден-бір ғылым ретіндегі тарихи принциптерге сәйкес, ғылыми деректерге негізделген дүниетаным ғана қарастырылады. Сонымен қатар, кез келген дамудың жалпы заңдылықтары туралы түсінік беретін басты, байланыстырушы желі ретінде авторлардың дүниетанымдық көзқарасының объективтілігі ғылыми, таным-тәсілі диалектикалық тұрғыдан және бағыты мен түпкі мақсаты ұлттық деп саралап, сараптайды. Ұлттық жан-жүйесі жан-жақты және үйлесімді дамыған адамды қалыптастыру бағдарламасын ұсына отырып, қазақ философтары қоршаған ортаны тану адамның эмоционалдық көңіл күйі, сезімімен, оның іс-қызметі және тәжірибесімен бірлікте жүзеге асыратынын дәлелдеді. Жеке адам дүниетанымның негізі болып табылатын және жүйелі білім алу нәтижесінде қол жеткізілетін ғылыми білімді игеру ұлттық дүниетанымды қалыптастырудың маңызды жолы екені белгілі. Дүниенің материалдығы туралы ғылыми білімді меңгеру адамға табиғат құбылыстарының түпкі-төркініне үңілуге, олардың даму заңдылықтарын танып-білуге мүмкіндік береді.

Сонымен, дүниеге көзқарас – бұл адамның әлемге деген тұтастықтағы көзқарасының жинақталған жүйесі, әлемдегі жекелеген құбылыстардың орнына, өзінің өзіндік орнына, түсінік пен бағаның адам түсінігіндегі іс-әрекеті мен тағдыры; ғылымдық, діни, эстетикалық идеяларға адамның көз жеткізуімен сипатталады.

1. Жарықбаев Қ. Психология. - Алматы, 1993.
2. Кішібеков Д. Философия. - Алматы, 1991.
3. Қоянбаев Р.М., Қоянбаев Ж.Б. Педагогика. - Алматы, 2002.

Резюме

В данной статье рассматривается вопрос формирования мировоззрения учащихся. В своей работе автор приводит в качестве примера работы известных казахстанских философов.

Summary

In this article are looked through the problems of importance of pupils sight and the way developing.

ӘОЖ 373

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ж.О. Қозыбаев -

Бастапқы әскери дайындық теориясы мен әдістемесінің оқытушысы

Қазіргі кезде мектеп оқушыларына қоғамның да, мектеп ұжымының да олардың жеке басына, шығармашылық мүмкіндіктеріне, өздігінен орындайтын іс-әрекеттеріне барынша жоғары әрі қатаң талап қоюшылық басым алуда. Осыған орай мектеп оқушыларының әлеуметтік тұрғыдан жетілуіне, кемеліне келуіне мән берілумен қатар, ең күрделі проблема оларды біртұтас жеке тұлға етіп қалыптастыруда адамды – адамдандыру, адамдық құндылықтарға бағдарлау болып саналады беп есептейміз.

Жалпы білім беретін орта мектепте оқушыларға адамгершілік қағидаларын, көзқарастарын, сенімдерін тұрақтандыруда, оларды адамгершілік сана-сезімін қалыптастыруда мектеп өмірі процесіндегі әлеуметтік, еңбек іс-әрекетіндегі тәжірибелерін молайтуға мән берілуі қажет. Оқушылардың іс-әрекеттерін түрлендіріп, қарым-қатынас саласын кеңейтіп, тәрбиелік мақсатта әр түрлі жағдаяттарды туғызып, мәдени-этикалық, адамгершілікті мінез-құлық, қасиет-сапалар, оларды меңгеру өздерінің іштей қажеттіліктеріне айналуы, оқушы өзін мәдени мұраны, тарихты, әдебиетті, тілді, өз елінің, ұлтының құндылықтарын халқына насихаттаушы, өмір ақиқатына жеткізуші болғанын зор мәртебе деп сезінуі өте маңызды.

Мектеп оқушыларын жаңа әлеуметтік-мәдениет жағдайында өмірге дайындау қазіргі қоғамның нарық қатынастарына бейім, бәсекелік қабілеттері мен өмірлік құндылықтарды бағалауда адамдық

қасиет сапалармен, өзіндік шығармашылық, кәсіпкерлік ұмтылысы, ықыластылығы, іскерлік дағдыларының қалыптасуы мектептегі кезеннен ғылым негіздерімен жүйелі қарулануларына байланысты болу керек. Жеке тұлғаға жаңа көзқарастың қажеттігі қазіргі қоғамдағы дәуірлік өзгерістерден туындайды, әлемнің қай бөлігін алсақ та адам өмірінің қандай бір саласы болмасын түбірлі өзгерісте өте жоғары деңгейдегі динамикалық көрсеткішпен сипатталуда жаңа ғасырда адам өзінің тұтас білім болмысымен, адамдық дүние танымымен, адамгершілік-психикалық тұрғыдан нарық жағдайына және оның іштей қарама-қайшылығына көз болып отыр. Осындай кезеңде мектеп оқушыларын адамдық құндылықтарға тәрбиелеу проблемасы туындаған әр түрлі жағдаяттарда адамтану ғылымдарының, педагогика, әлемтану, психология тағы басқалардың мақсаты адамның қарама-қайшылықты табиғатын ғылыми негіздеп, анықтаумен байланысты. Әр адамның ішкі үйлесімді мүмкіндік алуына қамқорлық болуы өте қажет. Бұл адамдардың адами кіршіксіз таза көңілімен, ақ ниетімен, саналы адамгершілік қарым-қатынастың орнауына, соның нәтижесінде туындаған кейбір дау-жанжалдардың, кек алушылықтың азаюына ықпал жасайды. Сөйтіп, қоғамның біртіндеп адамгершілік өміршеңдігі жоғарылайды.

Бағамдап қарасақ адамгершіліктің даму тарихы адамгершілік қасиет-сапалардың, адамгершіліктің, ой-пікірлердің прогресі бірқалыпты, бірізді болмайтын процесс екенін байқаймыз. Бұл процесс қарама-қайшылығы мол өзінің дамуында жақсылық пен жамандық, залымдық пен мейірімділік т.б. ұғымдар жай ғана өзгермегенін, қоғамның құқықтарымен сабақтасып жатқанын көреміз. Адамдар өмір, тіршілік барысында әлеуметтік, құқықтық мәселелерде бір адамгершілік проблеманы шешіп үлгермей жатып, екінші бір жаңа, бұрын ойламаған мәселелерді шешуіне кез болды. Адамгершіліктің өзгеруінде оның үнемі жоғары деңгейге көтерілуінің байқалып отыратындығы, адамгершілік процестің негізгі көрсеткіштері жеке тұлғаның рухани, әлеуметтік жетілуіне ықпал жасайтын процесс екендігі айқындалды.

Жалпы әлеуметтік прогресс адамгершіліктің дамуына, оның бір деңгейден екінші деңгейге алға қарай жылжуына себепші болады. Тарихта өмір сүрген әрбір ұрпақ бір-бірінен ауысу кезеңінде алдыңғы қатарлы ой-пікірлердің нәтижесінде жаңа адамгершілік сана, жаңа ойдың қалыптасуына қолайлы мүмкіндіктер туып, жеке тұлғаның рухани жетілуіне ықпал жасап отырады. Әрбір жаңа тарихи сатыда адамгершіліктің дамуы, толғағы жеткен адамзаттық проблемаларды шешуге және жеке тұлғаның ішкі жан дүниесін байытуға ықпал жасайды да, адамгершілік прогрестің күрделі диалектикалық түрде өрістеуін, адамның тарихты жасаушы екенін, оның адамдық санасының бастау көзі болады деп пайымдаймыз.

Ғалымдар адамгершілік тәрбиесін педагогикалық ұғым ретінде оның мәніне, мазмұнына қазіргі кезеңде мынадай үш белгімен анықталады деп болжам жасайды:

- бірінші - әлеуметтік-мәдени бағдарға бағытталған мақсаттылық;
- екінші - әлеуметтік-мәдени құндылық процесінің барысына сәйкестік;
- үшінші – белгілі, арнайы ұйымдастырылған жүйенің ықпалының болуы.

Адамгершілік тәрбиенің әлеуметтік-мәдени бағдарға бағытталған мақсаттылық белгісін зерттеу жұмысымыздың барысында оның мәнін былай көрсетеміз. Адамгершілік тәрбие әлеуметтік мәнділігімен қоғам дамуының және өмірдің ең негізгі шешуші факторы. Ал, әлеуметтік көзқарас тұрғысынан алғанда тәрбие болашақ ұрпақты мақсаттылықпен әлеуметтік ортаның қазіргі шынайы шындық жағдайына және болашақ қоғам өміріне дайындау. Мұнда мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың арнайы жасалуымен, олар тарапынан үнемі жүргізілетін жаңа талаптармен жүзеге асырылып, бақылауда болады.

Адамгершілік тәрбиенің әлеуметтік-мәдени құндылық процесінің барысына сәйкестігі деп есептелген екінші белгісін әлеуметтік, педагогикалық тұрғыдан қарастырғанымызға жасөспірімді жалпыадамзаттық құндылыққа негіздей отырып тәрбиелеу, осы заманғы өркениеттік мәдениет, ұлттық мәдениетпен кіріктіре қабылдауы, оның жалпыадамзаттық ізгіліктерді қатар игеруімен сипатталады. Осы ретте тәрбие жалпыадамзаттық мәдениеттің негізгі бір құрамды бөлігі болғандықтан, адам баласы тарихында ғасырлар бойы жинақталған мәдени құндылықтарды біртіндеп тануы, меңгеруі оның қазіргі заман мәдениетіне түбегейлі араласуы жасөспірімнің қоғам дамуына лайықты қалыптасқан субъект болуымен анықталады.

Адамгершілік тәрбиенің үшінші белгісі – арнайы ұйымдастырылған жүйенің ықпалы деп аталған. Мұнда жоғары сынып оқушыларының психологиялық, әлеуметтік өзгерістермен байланыстылығы, әсіресе нарық экономикасының сұраныстарынан туындаған талаптар жасөспірімнің

көп жағдайда өзін-өзі билей алуымен, өзін-өзі дамытумен, өзін-өзі жетілдірумен, өзіне-өзі бұйрық бере алатын, өзіне-өзі сын көзімен қарай алатын қасиеттерінің жетілуімен сабақтастықта айқын көрінеді. Мұның өзі арнайы ұйымдастырылған жүйе белгісінде тәрбие тар шеңберде емес, қазіргі қоғамның планетарлық өркениеттілік сипатынан туындайтын нарық қатынасы, бизнестік қатынастарға негізделген және халықаралық, еларалық, ұлттық, мәдени қарым-қатынастар ұлттық, аймақтық және әлемдік деңгейде жүргізілуі талап етіледі. Бұл жүйе кәсіби біліктілігі жоғары педагог, мұғалімдердің оқу-тәрбие процесін, тәрбиелік мақсаттағы іс-әрекеттерін барлық деңгейде жана ғылыми бағытта қайта қарау, жетілдіру және тәрбие технологиясын, пайдаланатын педагогикалық материалдарды жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде “ашық қоғам” жағжайына сай өзара ынтымақтастық негізде құруымен адам азаматтық, мамандық жауаптылығымен айқындалады.

Жоғарыдағы аталған белгілер жеке тұлғаның жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұтас толымды тұлға ретінде қалыптасуы үшін, барлық жүргізілетін тәрбиелік процесс, философиялық, педагогикалық ғылымдардың жаңа тұжырымдамаларына байланысты болу керек. Сонымен қатар, бұл процесс педагог мамандардың жоғары деңгейдегі кәсіби іс-әрекеті оқу-тәрбие процесінің әлеуметтік-психологиялық табиғатымен жан-жақты байланысты болуымен және өзара сәйкестілік жағдайында құрылғанда ғана жоғары тәрбиелік нәтижеге ие бола алады деп есептейміз. Өркениетке бағытталған еліміздің тарихи, дәуірлік стратегиясын Қазақстан Республикасының Президенті “Қазақстан - 2030” Қазақстан халқына жолдауында айқындап көрсеткен. Бұл жолдауында Қазақстан Республикасының болашаққа бағытталған жаңа моделі жана мемлекетті құрудың, жана нарық экономикасын, жана демократияның даму дәуіріне байланысты стратегиялық мақсаттар, болжамдар және жобалар айқындалған.

Жаңа мыңжылдықта ұлттық бірлік және ұрпақтар сабақтастығы, халықтардың өзара ынтымақтастығы, мемлекеттің тұтастығын сақтауға бағытталған міндеттер жеке тұлғаның рухани-адамгершілік тұрғыдан қалыптасуын қамтамасыз етудің басымды кепілі болып саналады. Осыған байланысты мектептегі тәрбие жүйесінде мына болжамдар ескерілуі керек:

- мектеп тәрбиесі жалпыадамзаттық құндылыққа бағытталуы;
- әрбір оқушының тұлғалық қалыптасуына мән беру;
- тәрбие жұмысының жаңа, тиімді әдіс жолдарын пайдалану;
- тәрбие процесін әлеуметтендіру, демократияландыру, гуманитарландыру, дифференциялау

және дербестендіру;

- тәрбиені шығармашылық негізде құру;
- тәрбиені еркіндікке бағыттау;
- тәрбиелік мәдени орта, кеңістік құру;
- әр саладағы мекемелермен, ұйымдармен, бірлестіктермен педагогикалық, психологиялық, экономикалық байланыс орнату;
- шетел елшіліктерімен байланыс жасау;
- тәрбиенің өзегінде тұратын мұғалім баланың ішкі жан-дүниесін түсінетін, балаға шыдамдылықпен қарайтын, жігерлі, үнемі қуаныш тудыра алатын жаналыққа құмар тұлға болуға өзін-өзі тәрбиелеу;

- нарық экономикасына байланысты оқу-тәрбие процесінің мақсаты, мазмұны, әдіс-тәсілдері мектептің барлық пәндері бойынша нарық экономикасының бәсекелігіне жауап бере алатындай құру. Осы бағытта мұғалімдер өздерінің білімдерін, іскерлігін шығармашылықпен жетілдіру керек.

Демек, аталған пайымдаулар жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайда жоғары сынып оқушыларына адамгершілік тәрбие берудің болжамы болып есептеледі.

Сондықтан болашақтағы ХХІ ғасырда әрбір жоғары сынып оқушыларының мектептен бастап барлық өмір сүру барысында үнемі оқу, үнемі өздігінен білім алу, өзін-өзі үнемі жүйелі жетілдіру, өзінің жеке тұлғалық қабілеттерін дамытуы, өмірдің барлық саласында ауқымды түрде педагогикалық идеяның таралуы, қоғамды педагогикаландыру міндеттерін жүзеге асырумен байланысты. Болашақтың ең күрделі міндеті жеке тұлғаны адамгершілік тұрғыдан жетілдіру. Жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайда әрбір жоғары сынып оқушыларының тұлғалық дамуы – оның білімі, біліктілігі, дағдысы, дүниетанымы және мінез-құлқының басымдылығы сайып келгенде қоғамның экономикалық, адамгершілік, рухани потенциалымен тұтастай алғанда қоғамның өркениеттілігіне байланысты деп түйіндейміз.

Қоғамның жаңа бағыт алуына байланысты адамгершілік адамның қоғамдағы барлық өзгерістерімен, қарым-қатынаста қоғамдық іс-әрекеттер барысында өзіндік ерекшелігімен сипатталады.

Ал, адамгершілік ағарту жұмысы адам баласының ең парасатты қасиеттері адам өмірінің адамгершілікке негізделген, салт-санасы туралы кең, жан-жақты түсінік беруге бағытталуы керек деп есептейміз.

Ғылыми тұрғыдан қарастырғанымызда адамгершілік тәрбие процесін ұйымдастыруда тәрбиенің екі жақтылық сипатын негізге алу керектігін, атап айтқанда: объективті жағы – ол жеке адамға қоғамның қоятын арнайы адамгершілік талаптары. Ал, субъективтілігіне жеке адамның қоғамға, еңбекке, адамдарға өзінің қоғамдық нормалар мен талаптарды меңгеруіне қарай қарым-қатынас жасаудағы адамгершілік қасиет-сапаларын айқындадық.

Оқушының тұтас педагогикалық процес барысында, адамгершілік сенімі өмір тәжірибесі барысында бекіп, әрбір іс-әрекетте, мінез-құлықта адамның бағыт бағдары айқындалады. Алайда күнделікті тәжірибеде сенім мен мінез-құлық, іс-әрекет арасында алшақтық болатындығы айғақ. Оқушының адамгершілік, имандылық талаптарды, ережелерді түсініп, оған сенгендігіне қарамастан мінез-құлқында, адамдармен араласу барысында адамгершілікке жатпайтын теріс әрекеттер жасайтын жағдайлардың кездесуі оған дәлел.

Тәрбие жұмысында тек қана белгілі бір мінез-құлық ережелері жайлы түсіндіріп қоймай, оқушылар өз көзқарастарын тексеріп көре алатындай, тәжірибеде олардың дұрыстығына көз жеткізетіндей жағдай жасау керек. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс-әрекетін анықтайды.

Құндылық әлемі мәні жағынан өте айқымды. Ал адамгершілік құндылық қоғамның жалпыадамзаттық құндылықтарын бағалауға, дүниені және өзін-өзі танып білуге, түсінуге, адамдармен адамгершілікті саналы қарым-қатынасқа үнемі ықпал жасайтын, адам бойындағы адами қасиеттерді үнемі дамытуға ынталандыратын күш. Осыған орай біз адамгершілік құндылық идеясы өркениетке бет бұрған қоғам дамуының бағыты бола алады және адамның ішкі жан дүниесінің байлығын өмірге, адамға, табиғатқа шынайы адамгершілік, парасаттылықпен адамның ар-намысын, ар-ожданын қадірлеу, ерікті ойлауды дамыту, адамдар арасындағы қарым-қатынас сүйіспеншілікке, қамқорлыққа негізделу керек деп түйіндейміз.

Өзгеріп отырған дүниеде кез-келген мемлекет дамуының тарихи жолы, қазіргі кезеңдегі ерекшелігі, оның экономикалық, саяси, әлеуметтік жағдайымен ғана емес, материалдық және рухани мәдениетінің деңгейімен де анықталады. Ал, оның қоғам дамуындағы алатын орны өлшеусіз. Осы тұрғыдан мәдениет ұғымы өзіндік ерекшелігімен сипатталады. Ал қоғамдық өмірдің барлық саласын қамтуымен қатар, мәдениет халықтың мыңдаған жылдар бойғы асыл қазынасы, оның мінез-құлқы мен жан дүниесінің, бостандығы мен зердесінің мұрагері бола алатын салалардың бірі.

Мәдениет және адамгершілік өзінің тарихи дамуында әрі көпқырлылығымен, әрі сапалылығымен айқындалады, олар бір-бірімен сабақтаса отырып, әлеуметтік өмірдің өз алдына аумақты құбылысы болып табылады. Мәдениет адамгершілікпен қатар өзіне ғылымды, өнерді, дінді, құқық мәселелерін және рухани әлемнің т.б. көптеген арналарын қамтиды. Түптеп келгенде, біздер бүгінгі талаптар тұрғысынан қоғамның мәдени-әлеуметтік мүмкіндіктерін жаңа өрелі адамгершілік құндылықтарға жұмылдыруда жаңа әлеуметтік-мәдени ортада мынадай салалармен адамдар арасында адамгершілік құндылық негізінде қарым-қатынаста болу қажеттігін байқадық. Олар – табиғатқа мәдени адамдық көзқарас саласы; әлеуметтік жүйедегі қарым-қатынас саласы; бүкіләлемдік мәдениет пен қарым-қатынаста болу саласы; этносаралық мәдени қарым-қатынас саласы. Аталған мәдени-рухани құндылықтар жаңа өмірлік өркениеттіліктің тініне айналуы адамгершілік тәрбиесінің құнды бағытын көрсетеді деп пайымдаймыз.

Бүгінгі нарықтық қатынасқа көшкен кезде жалпы адамзаттың құндылықтармен тәрбие теорияларына және озат тәжірибелерге сүйене отырып Қазақстанның ұлттық және әлеуметтік экономикалық ерекшеліктерін ескеріп, қоғам алдына өзінің дербестілігі мен жауапкершілігін сезінетіндей, ұлттың сана-сезімі оянған, биік парасатты, ар-ожданы мол азамат тәрбиелеу өмір талабы болып отыр.

Бала тәрбиесімен айналасатын кез-келген ұстаз шәкіртінің қоршаған орта, тұрмыс жағдайларына байланысты түрлі өзгерістерге ұшырап, жетілу үстінде болатынын, бірте-бірте оның өзіне деген сенімі, ерік-жігері артып, мінезі ширығып, өмірлік мақсаты да айқындала түсетінін байқайды. Сол себепті оларды адамгершілікке тәрбиелеуді бастауыш сыныптан бастап қалыптастыра бастау керек.

Қазақтың әйгілі ақыны, әрі педагогі М. Жұмабаев «... жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса, міне, осылай болғанда адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы» дей келіп, «... Бала істеген жауыздықтың жазасын тәрбиеші көтерсін» деп, адамгершілігі мол, инабатты жас ұрпақты тәрбиелеуді ұстазға міндеттейді.

Қорыта келе, тәрбие жұмысының тиімді әдістерімен түрлерін орынды пайдалана отырып, оқушылар бойында жалпы адамзаттың қалыптарымен гуманистік моральдік (қайырымдылық, өзара түсінушілік, кішіпейілділік, адалдық, әділдік және т.б.) сияқты жасампаз қасиеттерді сіңіру, олардың өзара қарым – қатынас мәдениеті мен зерделік қасиеттерін дамытуға ерекше мән беруіміз керек.

1. Жұмабаев М. Педагогика. - Алматы, 1993.
2. Қоянбаев Р.М., Қоянбаев Ж.Б. Педагогика. - Астана, 2002.
3. Төлеубекова Р. Адамгершілік тәрбиесінің негіздері. - Алматы, 1991.

Резюме

В данной статье автор рассматривает вопросы воспитательной работы для учащихся школ. Именно школа, по его мнению, учит детей гуманизму, морали и человечности.

Summary

In this article shows that how to teach the schoolchildren to be humanity.

ӘОЖ 373 (574)

ОТБАСЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ – ТӘРБИЕНІҢ БАСТАУЫ

Ұ.Қ. Қыяқбаева -

п.ғ.к., мектепке дейінгі, бастауыш білім беру және педагогика кафедрасының аға оқытушысы

Қазіргі заманда отбасы тәрбиесінің жағдайына әлемдік деңгейде мән беріліп отыр. Оған дәлел 1989 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы қабылдаған, [1]

кейінен 1995 жылы Қазақстанда қабылдаған «Баланың құқығы туралы Конвенция» дәлел бола алады. Онда «Бала толық және гармониялы даму үшін, ол мейірім мен өзара түсіністігі бар, қызығушылыққа көп көңіл бөлетін бақытты ахуалдық ортасы бар отбасында өсуі қажет. Сондай-ақ, бала әлі дене, ақыл-ой жағынан толыққанды жетілмегендіктен, олар туылғанға дейін де, туылғанан кейін де ерекше мейірімділікке, қамқарлыққа, әсіресе, құқықтық қамқорлыққа мұқтаж» деген. [2] Конвенцияда әрбір ата-ана жасөспірімдердің өркениетті елдерде қазіргі заман талабына сай білім алуын қамтамасыз етуге міндетті екендігін айта келіп, ол білімдердің мына бағытты: баланың жеке басын, талантын, дене және ақыл-ой қабілетін дамыту; адам құқығын құрметтеу; баланы өз ата-анасын сыйлауға, оның мәдени тұрмыс-салтын, тілі мен құндылықтарын, елінің ұлттық байлықтарын бағалауға тәрбиелеу; баланы еркін қоғамды ынтымақтастық, түсіністік, ұлттаралық қарым-қатынаста достық рухында саналы өмір сүруге дайындау; қоршаған ортаға жанашарлыққа тәрбиелеу жүзеге асырылуы керектігін ұсынды.

Бүгінде тәрбие берудің ауқымы кең, талабы жоғары. Соған сай заман талабы бүгінгі отбасына үлкен жауапкершілік пен жоғары білімділікті жүктеп отыр. Жеке тұлғаның қалыптасуына ықпалы ерекше болғандықтан, отбасы тәрбиесіне философиялық, әлеуметтанушылық, психологиялық және педагогикалық зерттеулерде ерекше көңіл бөлінген. Бүгінге дейін отбасы және ондағы бала тәрбиесін ұйымдастыру мәселелері қазақстандық ғалымдар Ж. Қоянбаев, Р. Қоянбаев, Л. Лысенко, Р. Төлеубекова, Г. Байдельдинова, Ж.Әбиев және т.б. тарапынан зерттеліп келді. Философ Р. Нұрғалиев өзінің философиялық сөздігінде «отбасы – ерлі – зайыпты одаққа және туыстық байланыстарға негізделген әлеуметтік қауымдастықтың түрі» деп көрсетсе, ғалым Р.М.Қоянбаев «Отбасы – ол бірге тұратын некеге негізделген қандас туыстар тобы» деп анықтама берді. [3]

Қазақ үшін отбасынан киелі ештеңе жоқ. Өйткені адам баласының ой-санасы өсіп, ақыл-ойының кемелденуі үшін де тіршілік нәрі санаға отбасынан кіреді, отбасында көрген жақсы-жаман қылықтардың бәрі бала сезіміне әсер етеді, күллі парасат, пайым отбасынан өрбиді деп ұғады.

Соңғы кездерді орысша «семья» ұғымының қазақша аудармасы «отбасы», «жанұя», «үйелмен» деген баламалармен қолданылып жүр. Соңғы жылдары адамның жан дүниесімен сырласып, оның